

Төгілші жүрек — жыр үні

Орамал

Менсіз де өмір сүрерсің.
Сенсіз де өмір сүрермін.
Орамалыма кестелі
Жүрегімді орап жібердім.

Жаңбыры сіңген жанардың,
Өр жібі мұң мен жыр екен.
Оттан да ыстық сезімнен
Өртенбей қалай тұр екен?!

Ойларсың мені сағынып,
Оңаша өзің қалғанда.
Сұртуге жарар жасыңды
Жасырын жылап алғанда.

Менің де кінәм жоқ еді,
Сенің де жоқ ед жазығың
Маңдайға жазылмаса да
Жүректің жаздым жазуын.

Өзімдей болар ол, сірә
Көзімдей менің көргенде.
Маңдай теріңді сүртерсің..
Бәйгеден озып келгенде.

Жәудіреп тұрған жыр еді
Үзіліп түсіп жанымнан.
...Айта алмай кеткен сырымды
Оқырсың орамалымнан...

Ботагөз МҰХИДЕН,
ҚарМУ түлегі

Ауылды аңсап...

Арқасына қара сөмке арқалап,
Қойын дәптер, жазылған жыр мың парақ.
Ауылды аңсап келе жатыр бір ақын,
Арта қалып ұзақ жол мен шартарап

Таң асырған ертеп мініп жыр атын.
Ауылды аңсап келе жатыр бір ақын.
Қара шенел, былғары қолғап қолыңда,
Өр бейнесін көрген адам тынатын.

Туған жерден таудай шабыт табам деп,
Тауларына көз тігеді тарам бет.
Мың шайқастың қан белгісі тыртықтар,
Мына таулар — үнсіз тірі Махамбет.

Мына жолдар — кіндік шегі ананың,
Құлаш жайған бауырына даланың.
Ауыл — ана, таулар — әке асқар шың,
Міне, солар шыққан тегі баланың.

Таза ауа, шексіз мөлдір көк аспан,
Бұлттар анау — баяу көшіп, дөң асқан.
Барлығы да ақын үшін ағайын,
Барлығы да бір құрсақты туысқан.

Туған жерден табардай боп мұратын,
Жаңа толқын тау суынан тұратын.
Қасымым деп арып-ашып, шалдығып,
Ауылды аңсап келе жатыр бір ақын.

Соғып алып тауларынан алдаспан,
Алдаспанын ұста құздар таңдасқан.
Қалам қылып қауырсынын қыранның,
Жазбақшы ма махаббатқа жыр дастан.

Биіктерге, шыңға жетіп тынатын,
Жетпей қоймас, кім бар оны ұғатын.
Себебі тау оның туған әкесі,
Өкені аңсап келе жатыр бір ақын.

Ерік СЕЙСЕНҰЛЫ,
ҚарМУ студенті

Қатарластарынан оза шапты

«Болайын деген баланың, бетін қақпа, белін бу» деуші еді дана халқым. Бүгінгі күнде біздің ортамызда сол болайын деген баланың бірі жүр. Ол — Нұрлыхан Қалқаман!

Бірінші курста біздің интернет журналистикаға, блогерлікке деген қызығушылығымызды оятқан арайымыз Ләззат Қожахметова болатын. Алайымыздың жетелеуімен қарағандылық «Torlet.kz» сайтында алғашқы жазбамызды жаза бастадық. Алғашында барлығымыз бірдей тіркелдік, кейін «Төрлетте» отыратындар саны біртіндеп азая бастады. Бірінші курс, көбіміз ауылдан келгенбіз, бізге барлығы қызық. «Төрлетте» жүрген бес-алты бала бірігіп, қоғамдық жұмыстарға өзімізше үлес қоса бастадық. М. Әуезов кітапханасының ұжымымен бірге біраз қойылымдарға қатысып, рөл ойнадық. Сол бес-алты баланың ішінде замандасымыз Нұрлыхан оқ бойы озық жүрді. Ол біз сияқты блогерлікке салғырт қарамады. Соның арқасында өзінің туып-өскен ауылының атын қойып, жеке «Томарлық» деп блог ашты. Айтылмай жүрген мәселелердің біразын Нұрлыхан өз блогында ескеруісі қалайрмай жазып жүрді. Нұрлыхан өзінің алғашқыларының арқасында «КерекИнфо.kz» сайтының ұйымдастыруымен, Нұр Отан партиясының демеушілігімен өткен «Керек тіліші»

репортаждар конкурсында (мини блогнада) үшінші орынды иеленіп, смартфонды болса, одан бөлек «Blogtime.kz» сайты ұйымдастырып отырған блог-марафоннан екінші орынды жеңіп алып, жарты миллионы бар студент атанды. Ол: «Блог-марафонға қатысып, жүлделі орын иегері болармын-ау деген үміт еріншектігімді кейінге ысырып, уақытылы жазба салып отыруға және сол жазбаны оқырмандарға таратып, рейтинг жинауыма ықпал етті. Бұдан бөлек интернет журналистика пәнінде теория бойынша оқыған дүниелерді тәжірибе жүзінде тексеріп, білімімді бекітіп отыруыма да айтарлықтай жәрдемі тиді. Сонымен қатар интернет әлемінде өзімді «tomarlik» деп таныстыруға да мүмкіндік алдым. Былайша айқанда, өз брендімді қалыптастыра бастадым. Неге «tomarlik»? Осы сауалды көп адам қояды. Себебі тым қарапайым. Томар — менің туған ауылымның аты. Жай ғана туған жерім емес, жеті атамнан бері қарай пана болып келе жатқан қасиетті қоныс. Өзімнің балалық балдәурен шағым, қызықты күндерім өткен өңір. Қалаға келген күннен бастап ауылға деген сағынышым бір басылған емес. Ретін талса, сол қасиетті өңірге тартып кеткім, барып топырағына аунап қайткім келеді де тұрады. Сонымен қатар, қайда жүрсем де, не істесем де осы бір құтты қоныстың атағын шығарып, жұртқа



танымал етуді мақсат еттім. Сол себептен де өзіме «tomarlik» деген лақап ат қойып алдым. Бұл атау тек осы сайтта ғана емес, интернеттегі барлық қазақ тілді сайттарда кездеседі. Замандастарыма айтарым, блог-марафон бітті екен деп қарап қалмай, бұдан былай да жақсы-жақсы жазбалармен қуанып тұрыңыздар. Біз де жазып тұрайық», — деп өз ойымен бөлісті.

Өткен жылдың мамыр айында басталған блог-марафонда белсенділік танытып, көз майын тауысып әр түрлі тақырыпта қалам тербеген досымыз Нұрлыхан бүгінде еңбегінің жемісін көрді. Маңдай терімен тапқан 500 мың теңгесін келесі жылғы оқу ақысын төлеуге жұмсамақшы. Қазіргі таңда ол басқа да қоғамдық іс-шаралардан, жиындардан қалмай, өзін блогер ретінде, болашақ журналист ретінде шыңдау үстінде. Жарайсың, Нұрлыхан! Қанатың талмасын, биікке самға!

Шолпан САНАҚБАЙ, ҚарМУ студенті

Айтайын дегенім...

Осы күні отбасын құру ойына айналып кеткендей. Ойнап жүріп от басып, ажырасып кеткендер қатарының артуы — бұл сөзіме дәлел. «Қосылғанның — қолы ұзын» деген екен атам қазақ. Қосылса салып, қайыра ажырасып кету — ауыр күн. «Саусақ бірікпей — ине ілікпейді» — осыны есте ұстау керек. Бірің әрі, бірің бері тартып қырылған жақсы емес. «Бір кісінікі — мақұл, Екі кісінікі — ақыл». Ұйымдасқан ұтады. Солай... Әрқес қаперлеріңде жүрсін деген ниетпен аталарымыз айттып кеткен ақыл-көнестерде аз-кем тоқтала кетуді жөн санадым. «Ой ойласаң, кең ойла, Алады-артын тең ойла» деген ниетпен жазып отырмын. Жазылған сөз жерде қалмасын. Жігітім, саған айтам, қызым, сен де тыңда!

Болашақ өз қолдарыңда. Сабыр сақтап, әр іске байыппен қарағанда жамандықтың ауылы өзі-ақ сендерден сырт айналады. Біреуің бас, біреуің аяқ бол! Сонда бұл жалғанда жалғыз-

сырамайсыңдар. Не дейін, өр өмірдің шаршыған отына күйіп қалмаңдар! Жыраққа қашқан тоқсан тарау жол адастырмасын! Ақылдан алжасып ақымақтық жасамандар. «Ашу асып жүрген жерде ақыл қашып жүреді», ашуға бой алдырмандар. Жастай солып, қурап қаласыңдар. Аңдысын аңдып, тұзақ құрған қас дұшпан айласын асырып алжастырмасын. Сүрінсеңдер де берілмеңдер.

Жігітім, алғашқы қадамды өзің жаса! Үй егесі сенсің. Шегесі — жарың. «Еркек — түздің аңы, Әйел — үйдің қамы». Отбасының отағасы өзің болсаң, отанасы — жарың. Мына бір аталы сөзді қаперіңнен шығарма. «Жігітін үш серігі бар: айнымас адал жұбайы; астындағы аты, сапарлас болса ұдайы; шыңдалған ақыл-айнасы, шымырлап тұрса шынайы. Жігітте мынадай асыл қасиет болуы тиіс: Зерде, зейін, тылсым — сырларды ұға алатын; өнер өрісі — өмірден әперер сыбағасын; тапқырлық, талап, ерлігі — дұшпанына найза сұға алатын; жігер күші — аяқтан шалғанда жыға алатын; қайрат қаруы — қиындықта сыналағын; білім қанаты — биікке бастап шығаратын. Шыншыл болсаң қол жетпес — шыңда өскен шырарсың,

Адал болсаң аңқылдақ — ізгілікке құмарсың, Әділ болсаң әкжарқын, жақсы іске билік қыларсың».

Қызым, отбасына нәр беретін жан өзіңсің. Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Жаман әйел — жігіттің тайдырады табанын, тар қылады заманын. Жақсы әйел — жігіттің жақсы қылар жаманын, үшқыр қылар шабанын» демей пе еді? Сондықтан азаматыңды бағала! Ерді ер қылатын да, жер қылатын да әйел заты. «Ер жігітін өлгені — ессіз болса алғаны» деген. Орта ғасырлық ақын Жүсіп Баласағұни: «Атақты әйелді алсаң, атағына тіленерсің. Бай әйелді алсаң, ұстап-тұтқан затыңдай меншігіңе айналарсың. Сұлуды алсаң, сұлуга сенен басқа көзін тіккен көп, күйеу емес, күзетші боларсың. Ал, адал жарың — атағың да, байлығың әрі сүйегің сұлудың. Үшеуін де қондырғаның қолыңа», — деп өсиет еткен екен. Бабаның айтқан өсиетін санана түй.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түіні — сезім бар жерде сенім бар. Сезім мен сенімді өмірлеріне серік етіп, бақытты құмыр кешіңдер!

Қунара МАХАН

Байқауға қатысайық

ҚарМУ академик Е. А. Бөкетовтің 90 жылдық мерейтойына арналған әдеби байқау ұйымдастырады. Университет студенттерінің шығармашылық әлеуетін дамыту, көркемөнер шығармашылығына баулып, оларды мәдени және қоғамдық өмірге тарту, студенттердің санасына Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ имиджін бекіту — шараның басты мақсаты.

Байқаудың «Поэзия» номинациясы бойынша «Евней Бөкетов — ғалым, педагог, ойшыл» тақырыбында автордың екі өлеңінің бірі гана іріктеліп алынады. Өлең жолдарының тармағы іріктеу кезеңінде 50 жолдан аспауы тиіс. «Шағын проза» номинациясында «Евней Бөкетов —

ғалым, педагог, ойшыл» тақырыбында әңгімелер қабылданады. Бір автор бір әңгіме ғана бере алады, көлемі 600 сөзден аспауы тиіс.

Байқау шығармаларын ҚарМУ Жастар ісі жөніндегі комитеті ақпан айының 10-28 аралығында қабылдайды. Мекен-жайы: № 1 оқу пимараты, 104 кабинет. Сонымен қатар ksu-kdm@mail.ru электрондық поштасына да «Әдеби конкурс» белгісімен жіберуге болады. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімінің нақты мерзімі ҚарМУ-дың өзін-өзі басқару органы мен университет сайтында қосымша жарияланатын болады.

Білім ордасында академик Е. А. Бөкетовтің 90 жылдық мерейтойына орай ҚарМУ студенттерінің фотоконкурсы өткізіледі. Студенттердің әлеуметтік белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттыра отырып,

университеттің фотожеңіресін құру — байқаудың басты мақсаты болып табылады.

Фотоконкурс үш кезең бойынша өткізіледі. Бірінші кезеңде — ақпанның 18 жұлдызына дейін фотоконкурсқа қатысушыларының жұмыстары мен сұранымдары қабылданады. Екінші кезеңде жіберілген жұмыстар қаралып, сараптама жасалады, ал үшінші кезеңде конкурс қорытындысы шығарылады.

Фотосуреттің талаптары: барлық суреттер электрондық түрде қабылданады; JPG-A4 ең жоғары сапалы форматында; жиектеме мен автордың қолы болмауы керек. Байқаудың өткізілу барысы ҚарМУ-дың <http://ksu.kz/> сайтында, ҚарМУ-дың өзін-өзі басқару сайтында, «Жастар әлемі» газетінде жарияланады.

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Біле жүріңіз...

Сүтқоректілердің қыста қалың ұйқыда жатуы — олардың ұзақ өмір сүруінің құпиясы. Австриялық ғалымдар жануарлардың қысқы ұйқысының табиғаттағы реттелісі екенін анықтады.

Венадағы ветеринарлық медицина университетінің ғалымдары қыстың үйқыға кететін жануарларды бірнеше жыл бойы зерттеген. Нәтижесінде мұндай сүтқоректілердің 15%-ға ұзақ өмір сүретініне көз жеткізді. «Осы кезге дейін аңдардың қысқы ұйқысы олардың уақытты бос өткізуі делініп келді. Бірақ бұл жануарлар үшін аса қажет табиғи құбылыс екен. Қысқы ұйқыдан сон

андар әлдеқайда тыңайып шығады, бұл әлсіздерді әлділердің жеміне айналудан құтқарады», — дейді зерттеу тобының жетекшісі Клаудиа Бибер. Расында да, қысқы шырты ұйқы аю сияқты ірі жыртықтарға қарағанда, тышқан тәрізді ұсақ жануарларға анағұрлым пайдалы екен.

ӨЗГЕ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНЕН АЛЫНДЫ

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Студенттердің аймақтық «Жастар әлемі — Мир молодежи» газеті № 2 (231) 30.01.2015
Менің көкі академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Бас редактор: Т. А. Голубцова
Фото: А. Филлимонов
Менен-жайымыз: Қарағанды қаласы, Университет көшесі, 28. Тел. 77-28-06
Қарағанды Республикасының Мәдениет, ақпарат және халық министрлігіне тіркелген. Күнін № 1450-Г. 21.08.2000 ж.

ПК «Экзон» баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Садровод көшесі, 14
Айына 2 рет жарық көреді. Таралымы: 1000. Көлемі 4 б. т.
Газет академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Баспасөз қызметінде теріліп, беттеледі.
ҚарМУ студенттеріне тегін таратылады
Материалдарды қайта басуға тек редакцияның келісімі бойынша рұқсат етіледі

Қарағандының мемлекеттік университеті мен академик Е. А. Бөкетов атындағы
Региональная студенческая газета «Жастар әлемі — Мир молодежи»
№ 2 (231) 30.01.2015
Собственник: ҚарМУ именов академик Е. А. Бөкетов
Главный редактор: Т. А. Голубцова
Фото: А. Филлимонов
Адрес редакции: г. Караганда, ул. Университетская, 28, ДС. Тел. 77-28-06
Регистрационное свидетельство №1450-Г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК 21.08.2000

Отпечатано в типографии ПК «Экзон», г. Караганда, ул. Садровода, 14
Тел. 8(7212) 44-23-60
Периодичность: 2 раза в месяц. Тираж: 1000 экз. Объем: 4 п. л.
Газета подготовлена к печати в Пресс-службе КарМУ им. академика Е. А. Бөкетова
Для студентов КарМУ имени академика Е. А. Бөкетова распространяется бесплатно
Передача материалов осуществляется только по согласованию с редакцией